

### **Тарихи анықтама**

Еңбекшілер депутаттары Айдархан ауылдық Кеңесі атқару комитетінің құжаттары 1939 жылдан басталады.

Олар: Шаруашылық кітаптары - 1940-53 жылдардағы,

Еңбек ақы есептеу ведомостілері - 1939-1941, 1945, 1947-1953 жылдардағы.

Айдархан ауылдық Кеңес құрамында «Новый путь» колхозы болған, орталығы Мұқыр ауылы.

Осы жылдар аралығында ауылдық Кеңестің төрағалары болып Құспанов, Бақаев, Панов, Сатқанов, Жусупова, Кенжегуловтар қызмет атқарған.

Ауылдық Кеңестің қамтуында орталау мектеп, кітапхана, клуб, фельдшерлік пункті болған.

Ауылдық Кеңестен 15 адам еңбек ақы алып отырған. Олар ауылдық Кеңестің қызметкерлері, клуб меңгерушісі, мед пункт қызметкерлері.

Жылдық бухгалтерлік есептер мемлекеттік сақтауға тапсырмауына байланысты, мал-мүліктердің есебі көрсетілмей отыр.

Ауылдық Кеңес атқару комитетінің негізгі міндеттері:

- Ауылдық Кеңес сессияларының кезекті шақырылуына байланысты күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау;
- Депутаттар құрамына өзгерістер енгізу;
- Тұрақты комиссиялармен жоспарлы жұмыс істеу ;
- Ауылдық Кеңес бюджетінің орындалуын бақылау;
- Ауыл малының санын алуды ұйымдастыру;
- Атқару комитеті отырыстарының жоспарға сәйкесті өткізілуіне назар аудару;
- Мәдени көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;
- Ауылды абаттандыру тағы да көптеген мәселелерді шешу;

Тарихи анықтаманың екінші бөлімі бойынша:

Ғылыми-техникалық өңдеуге дейін 1 (бір) тізімдеме бойынша 1939-1953 жылдары аралығында 42 (қырық екі) сақтау бірлігі болған.

1939-1941, 1945. 1947-1953 жылдарын №1«ж» жеке құрам жөніндегі істердің тізімдемесіне 10(он) с.б, және осы тізімдемеде 1940–1953 жылдардың шаруашылық кітаптары 32 (отыз екі) сақтау бірлігі.

2014 жылдың наурыз айының 31-нен сәуір айының 28-не дейін, осы қордың 1939-1953 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жүргізілді.

ҒТӨ нәтижесінде қордың құрамында төмендегідей өзгерістер болды : 41 іске мұқаба ауыстырылып, қайта түптеп тігілді, 1759 парақ қайта нөмірленді, 130 парақ желімделді, 5 бума қалыптастырылды, 5 жапсырма жаңадан жаңартылды.

Қорда ғылыми-техникалық өңдеуден өткізілгеннен кейін 1939-1941,1945,1947-1953 жылдардың №1«ж» жеке құрам жөніндегі істердің тізімдемесіне 11 (он бір) с.б, 1940– 1953 жылдардың № 2-ші (шаруашылық кітаптары) тізімдемесіне 30 (отыз) сақтау бірлігі енгізіліп отыр. Барлығы екі тізімдеме бойынша 41 (қырық бір) сақтау бірлігі енгізілген.

Қорға ғылыми-техникалық өңдеу өткізу кезінде:

1(бір) іс ажыратылып бөлінді, ол (№1 «ж» тізімдемедегі № 7 іс 1949-1950 жылғы еңбек ақы есептеу ведомостілері )

Осы қордағы 3(үш) іс мұрағаттағы басқа қорларға қосылды.

Олар: 1) №2-ші тізімдемесі (шаруашылық кітаптар) тұрақты сақталатын істердің 1948-1950 жылдар аралығындағы 2 (екі) іс, олар - №27, №29 істер, осы мұрағат қорындағы № 94 қордың № 2-ші тізімдемесі (шаруашылық кітаптар) тұрақты сақталатын істерге 2 (екі) іс қосылды.

2) №2-ші тізімдемесі (шаруашылық кітаптар) тұрақты сақталатын істердің 1951-1953 жылдар аралығындағы 1 (бір) іс, ол - №34 іс, осы мұрағат қорындағы №74 қордың №2-ші тізімдемесі (шаруашылық кітаптар) тұрақты сақталатын істерге 1 (бір) іс қосылды.

Осы қордың № 2-ші (шаруашылық кітаптар) тізімдемесінің №30 іске қордың жетілдірілгенге дейінгі тұрақты сақталатын істердің тізімдемесін енгізіп отырмыз.

Тарихи анықтаманың құрастыру кезінде Айдархан ауылдық Кеңесінің қорындағы құжаттарынан пайдаланылды (қор 75 тізімдеме №1 ж,№2).

Қордағы құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Бұрынғы 1939-1940 жылдар аралығындағы жеке құрам тізімдемесіндегі еңбек ақы есептеу ведомостілер және 1940-1942 жылдардағы №2-ші (шаруашылық кітаптары) тізімдемеге енген істер латын тілінде жазылған.

Бұрынғы 1941-1953 жылғы тізімдемеге енген істер ресми тілде жазылған. Өңделгеннен кейін 1941-1953 жылдар аралығындағы жазылған тізімдемелерге енген істер мемлекеттік тілде жазылды.

Жаңартылған тізімдемелерге тарихи анықтама жазылып, ғылыми-техникалық өңдеу жүргізудің актісі, қор карточкалары, СК хаттамасы толтырылды.

Жалпақтал филиалының директоры

*Еңішев*



Ғ.Елекешев